

2016 жылға егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 5 сәуірдегі № 91 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 19 сәуірде № 4339 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 16 мамырдағы № 154 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы әкімдігінің 16.05.2017 № 154 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Заңына сәйкес, аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша аудан аумағында 2016 жылға егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Теректі ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Теректі ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 101 "2015 жылға егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3883 тіркелген, 2015 жылғы 1 мамырдағы "Теректі жаңалығы – Теректинская новь" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Аудан әкімі аппаратының басшысы (А. А. Байгазиев) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. Б. Нурмаганбетовке жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша аудан аумағында 2016 жылға егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері

№	Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрлері	Оңтайлы мерзімдері	
		3 құрғақ дала аймағы	
		басталуы	аяқталуы
1.	Жаздық арпа	25 сәуір	5 мамыр
2.	Жаздық бидай	10 мамыр	25 мамыр
3.	Тары	20 мамыр	25 мамыр
4.	Сұлы	25 сәуір	5 мамыр
5.	Күнбағыс	5 мамыр	15 мамыр
6.	Мақсары	10 мамыр	25 мамыр
7.	Күздік бидай	15 тамыз	10 қыркүйек